Әділет

## 2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 964 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 қаңтарда № 3138 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы № 292 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 04.12.2014 № 292 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру Ережесінің 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес, мемлекеттік кепілдік жүйесін кеңейту және жұмысқа орналасу кезінде қиыншылық көріп отырған халықтың әртүрлі топтарын қолдау мақсатында, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар мен мекемелердің тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыссыздардың жалақысы жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасымен 2013 жылға белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде жасалсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Д. М. Бергенев) заңнамалық талаптарға сәйкес ауданның кәсіпорындары, мекемелері және ұйымдарында ақылы қоғамдық жұмыстарды өткізуді қамтамасыз етсін.

4. "2013 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 538 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2795 тіркелген, аудандық газеттерде "Пульс района" 2013 жылғы 11 қаңтарда № 4(6623) және "Аудан тынысы" 2013 жылғы 18 қаңтардағы № 4(306)) жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р. А. Атаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *Г. Акулов* |
| | Бородулиха ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 964 қаулысына қосымша |

## 2014 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың көлемі, түрлері, қаржыландыру көздері және нақты шарттары

| № р/с | Жұмыс берушінің атауы | Жұмыс түрлері мен көлемдері | Сұраныс (жарияланған қажеттілік, орындар саны) | Ұсыныс (бекітілді, орындар саны) | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарды (тұрғындардың санағын, әлеуметтік сауалнама, әр шаруашылық кітаптарын түгендеуге қатысу, салықтық төлемдерді жинауда көмек, мерзімді әскерге шақыру) өткізуге көмек - 6662 аула, жазылу науқынына көмек және пошталық корреспонденцияны жеткізу – 3000 бірлік, құжаттарды ресімдеуге көмек – | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ауданның кенттік және ауылдық округтері әкімдерінің аппараттары | 750 іс, елді мекендерді жинауда тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының ұйымдарына көмек, әлеуметтік – мәдени, діни бағыттағы объектілерді, әкімшілік ғимараттарды ақтау, бояу – 5000 ш.м., өңірлерді экологиялық сауықтыру ( жасыл көшет отырғызу, суару, көшелерді тазалау), ветеринарлық-санитарлық профилактикалық іс-шараларға (ветеринарлық паспорттар, тізімдемелер толтыру) қатысу, көпірлерді, су өткізетін құбырларды тазалау, табысы аз азаматтарға әлеуметтік қызметтер көрсету, малдарды бордақылау, малдарды күтіп-бағу, құстарды өсіру, көкөністер мен дәнді дақылдарды өсіру (отырғызу, түптеу) бойынша қысқа мерзімді маусымдық жұмыстар , ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрес | 2 1 1 | 2 1 1 | жергілікті бюджет |
| 2 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | үй-жайларды (ақтау, бояу) жөндеу - 70 ш. м, құжаттарды ресімдеуге көмек – 25 іс | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 3 | Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының " Бородулиха колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Бородулиха ауданының білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемелері | үй-жайларды жөндеу (ақтау, бояу) – 1100 ш.м., балаларды апарып, алып қайту – 50 адам, балалардың және жасөспірімдердің бос уақыттарын, оқушылардың ыстық тамақтарын ұйымдастыруға, безендіру жұмыстарына көмек | 1 6 | 1 6 | жергілікті бюджет |
| 4 | "Бородулиха ауданының жастар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге көмек ( спорттық жарыстар, фестивальдар), құжаттарды ресімдеуге көмек– 30 іс | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| | "Шығыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Департаментінің Бородулиха ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 25 іс | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 6 | "Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын | мәдени–бұқаралық іс-шараларды өткізуге көмек | 6 | 6 | жергілікті бюджет |
| 7 | "Бородулиха ауданының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | ғимаратты жинау және от жағу - 115 ш. м | 4 | 4 | жергілікті бюджет |
| 8 | "Бородулиха ауданының мемлекеттік мұрағаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 125 іс | 5 | 5 | жергілікті бюджет |
| 9 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 10 | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын дүние мүлік жөніндегі орталық" Республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Бородулиха филиалы (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 100 іс | 4 | 4 | жергілікті бюджет |
| 11 | "Бородулиха ауданының Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 12 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 10 іс, үй-жайларды жинау - 75 ш. м | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 13 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс, үй-жайларды жөндеу ( ақтау, сырлау) - 50 ш. м | 2 | 2 | жергілікті бюджет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | "Қазпочта" акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Бородулиха аудандық почталық байланыс торабы (келісім бойынша) | Ағымды корреспондециямен жұмыста көмектесу – күн сайын 25 құжат | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 15 | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринарлық зертханасы" ШЖҚ РМК Семей өңірлік филиалы | үй-жайды жинау – 100 ш. м., аумақты абаттандыру – 100 ш. м. | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 16 | "Бородулиха аудандық соты" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 17 | Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Бородулиха аудандық бөлімшесі (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 175 іс | 7 | 7 | жергілікті бюджет |
| 18 | Сот орындаушыларының Бородулиха аумақтық бөлімі (келісім бойынша) | корреспонденцияны жеткізу – күн сайын 50 құжат | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 19 | "Бородулиха ауданы бойынша Шығыс Қазақстан облыстық балалар–жасөспірімдердің спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | аумақты абаттандыру – 250 ш. м. | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 20 | "Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынақтау бойынша Жетісу аумақтық инспектурасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | дәнді дақылдарды өсіру (отырғызу, түптеу) – 100 га | 6 | 6 | жергілікті бюджет, жұмыс беруші |
| 21 | "Бородулиха ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекеме (келісім бойынша) | үй-жайды жөндеу (ақтау, бояу) – 250 ш. м. | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 22 | кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 25 іс | 1 | 1 | жергілікті бюджет |
| 23 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 24 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының білім бөлімі" мемлкеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек - 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 25 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | үй-жайды жөндеу (ақтау, бояу) – 250 ш. м. | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 26 | Бородулиха ауданының статистика басқармасы ( келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 27 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 28 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 29 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 30 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | құжаттарды ресімдеуге көмек - 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 31 | "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының орталықтандырылған кітапханалық жүйесі" | | 1 | 1 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік мекемесі | үй-жайды жөндеу (ақтау, бояу) – 125 ш. м. | | | жергілікті бюджет |
| 32 | "Бородулиха қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | үй-жайды жөндеу (ақтау, бояу) – 125 ш. м., аумақты абаттандыру – 1 га | 2 | 2 | жергілікті бюджет |
| 33 | "Бородулиха аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекеме (келісім бойынша) | құжаттарды ресімдеуге көмек – 50 іс | 2 | 2 | жергілікті бюджет |

Қоғамдық жұмыстардың нақты талаптары:

Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күнді құрайды, екі демалыс күні беріледі, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат, еңбекақы төлеу, зейнетақы және әлеуметтік аударымдары, қолданылмаған еңбек демалысына өтемақы жүргізу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі, орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген дәлелді жұмыс істеген уақыты арқылы жұмыссыздың жеке шотына аудару жолымен жүзеге асырылады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, мертігу немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндардың орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жұмыс берушімен жүргізіледі. Жұмыскерлердің жеке санаттары (әйелдер және отбасылық міндеттері бар басқа тұлғалар, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған тұлғалар) үшін қоғамдық жұмыстардың талаптары тиісті санатқа еңбек талаптарының ерекшелігін ескере отырып белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің және жұмыскердің арасында жасалған еңбек шарттарымен қарастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК